ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 шілде № 4712-23-00-2/1846 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау аймақтық дене тәрбиесі орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Раяна» атынан әрекет етуші Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбының соммасын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау аймақтық дене тәрбиесі орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Раяна» атынан әрекет етуші Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлына келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Раяна» атынан әрекет етуші Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Раяна» атынан әрекет етуші Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлынан мемлекет пайдасына 2 262 (екі мың екі жүз алпыс екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 793 (бір мың жеті жүз тоқсан үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **М.М.Джумаева**

Документ подписан: Джумаева М. М., 21.07.2023

Дата вступления в законную силу: 29.08.2023, судья Джумаева М. М., 06.10.2023

4712-23-3-1/1933